

Шетел кредиттерін өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық мұрагерлік мәселелерін реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қаңтар N 51

Қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ шетел инвесторларының басқаруына берілген мемлекеттік ұйымдардың міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлік мәселелерін реттеу және Қазақстан Республикасының кепілдігімен қамтамасыз етілген шетел кредиттерін қайтару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шетел кредиттерін алған шаруашылық жүргізуші субъектілерді, олар бойынша құқықтық мұрагерлік міндеттемелерін алдын-ала рәсімдемей қайта ұйымдастыру, жекешелендіру және шетел инвесторларына беру практикасы тоқтатылсын.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге қайта ұйымдастыру, жекешелендіру және шетел инвесторларының басқаруына беру жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, мүдделі мемлекеттік ұйымдардың пікірлерін ескере отырып жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті өздерінің қаулыларында нақты құқықтық мұрагерлерін көрсетіп, шетел кредиторлары алдындағы міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындағаннан кейін ғана шаруашылық жүргізуші субъектілерді қайта ұйымдастыру, жекешелендіру және шетел инвесторларына шаруашылық жүргізуші субъектілерін басқаруға беру туралы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі облыстық комитеттердің шешім қабылдауын, сондай-ақ бұл туралы Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігін және Эксимбанкін хабардар етуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК